

1856 ж. Париж конгресі және Осман империясы мен Ресей арасындағы территориялық мәселелер.

Аңдатпа

Қырым соғысы әлем тарихындағы ең ірі соғыстардың бірі болып, ол Еуропадағы халықаралық қатынастардың бұзылуына және оның кейіннен реттелуіне негіз болған тарихи оқиға. Соғыс әуелде Осман империясы мен Ресей арасында Қара теңіз, Балқан және Кавказ территориялары үшін басталған болса, кейіннен соғысқа Ұлыбритания мен Франция араласты. Олар Осман империясының жағында Ресейге қарсы соғысып, оны жеңіліске ұшыратады. Еуропалық державалардың соғысқа араласуының басты себептері, олар Ресейдің Еуропада, Таяу Шығыста күшеюіне және оның Жерорта теңізіне шығуына тосқауыл қою болды. Қырым соғысы, соғыста жеңіліс тапқан Ресей империясының және жеңіске жеткен Осман империясы мен оның одақтастары арасында жасалған 1856 жылы Париж келісімімен аяқталады. Мақала, халықаралық тартысқа толы болған және XIX ғасырдағы халықаралық қатынастарды реттеуге бірден-бір негіз болған Париж конгресі мен оның шешіміне сәйкес Осман империясы мен Ресей империясының арасында жасалған территориялық келісімшарттарды көрсетуге арналады.

Кілт сөздер. Осман империясы, Ресей империясы, Ұлыбритания, Франция, Қырым соғысы, Париж конгресі.

1853 жылы 4 қазанда Осман империясы мен Ресей арасында басталған соғысқа, Еуропа мен Азияда орын алған түрлі халықаралық саяси мәселелерге байланысты Ұлыбритания мен Франция араласып, олар да Осман империясымен бірге Ресей империясына қарсы соғысты және нәтижеде 1856 жылы 13 ақпанда соғыс аяқталып, ол Париж конгресінің шешімімен қорытындыланды [1. 155 б]. Парижде шақырылған конгресс, XIX ғасырда Еуропадағы ең ірі халықаралық жиындардың бірі болды. Париж конгресінде, соғыста жеңіліс тапқан Ресейдің оңтүстік-батыс, Осман империясының шығыстағы шекараларын анықтау келелі мәселелердің бірі болып, алайда бұл мәселе конгресс басталмай тұрып-ақ талқыға түскен болатын. Бір таңқаларлық жәйт, Қырым соғысына қатыспаған Австро-Венгрия империясы, осы уақытта халықаралық қатынастарда туындаған «Шығыс мәселесін» желеу етіп, өзі үшін тиімді шешімдер қабылдады және дипломатиялық жолмен түрлі әрекеттерге көше бастады. Соның негізінде, Австро-Венгрия императоры Франц Иосиф, Ресей императоры I Николайға бес пункттен тұратын ультиматум қойып, ол бойынша, Қара теңізді бейтараптандыруын және Ресейдің Дунай княздіктерін басқарудан бас тартуын талап етті [2. 236 б]. Австрияның Ресейге бұлай талап қоюының

себептері, соғыста Ресейдің әлсірегенін және Еуропадағы халықаралық қатынастардың шиеленіскен жағдайын пайдаланып, өзінің Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ықпалын нығайтып алуды көздеген еді.

Аталған бес пункттен тұратын талаптар Ресей императоры I Николай тұсындағы Ресейдің Австро-Венгриядағы елшісі А.М.Горчаков арқылы жіберіліп, оның төрт пункті маңызды талаптардан тұрды [3. 21 б]. Ал соңғы жағында тек Дунайдағы жүзу еркіндігі жайлы айтылды, яғни Ресей Дунайдағы бақылауынан бас тартуы керек болды. I Николай басында бұл төрт пунктті қабылдаудан бас тартты, бірақ кейіннен өз келісімін берді. Егер, олай болмаса, яғни Австро-Венгрияның қойған саяси талаптары орындалмаса, Австро-Венгрия соғыстың аяқталар сәтінде Англия мен Франция жағында өзінің соғысқа араласатынын да білдірді. Алайда, А.М.Горчаков өзінің дипломатиялық шеберлігінің арқасында, Австро-Венгрия үкіметін соғысқа араласпауға көндірді. 1855 жылы ақпанда I Николай қайтыс болған соң, Ресей империясы қиын жағдайда қалды. Ресейдің жеңіліске ұшырағанына толық сенімді болған еуропалық одақтастар, 1855 жылдың көктемінде Венада конференция ұйымдастырып, онда Ресей, Австрия, Франция, Англия және Осман империясының өкілдері келді. Ресейдің өкілі ретінде бұл конференцияға А.М.Горчаков қатысты. Конференция 15 наурыздан 4 маусымға дейін созылды. Мұнда жалпы саны 14 отырыс өткізілді, бірақ оның барлығы нәтижесіз аяқталды [4. 86-87 б.б.].

Конгрестің басталуына дейін, Австро-Венгрияның жіберген ультиматумын талқылау үшін Ресей императоры II Александр, Ресейдің лауазымды адамдарын жиналысқа шақырды, жиналысқа қатысушылар үкімет мүшелері Ресейдің территориясын қысқартудан бас тартты. Бұл жиналыс 1855 жылы 20 желтоқсанда басталып, 1856 жылдың 1 қаңтарына дейін созылды. Осыған орай, Австро-Венгрияның премьер-министрі К.Ф.Буоль Горчаков арқылы қойылған талаптарды толығымен қабылдауға және Ресеймен толық дипломатиялық қатынастарды үзу туралы келісімді талап етті [5. 118-119].

Сонымен қатар, соғыстың аяқталар шешуші сәтінде Ұлыбританияның ішкі істер министрі, танымал ағылшын саясаткері Г.Дж. Палмерстон, бұдан да қатты агрессивті күйге түсті. Ол Австро-Венгрияның әрекеттерін көре тұра шыдап тұра алмай, өзі ішкі істер министрі болғанына қарамастан, Ресейге талап қойды. Ол, Қырым соғысының аяқталар кезінде Севастополь құлаған сәттен бастап-ақ, Ресейді толығымен қиратуды, одан кейін оның территориясын бөлшектеуді ұсынды. Ол бойынша соғыс кезінде күшпен алынған Қырымды, Кавказды, Польшаны, Финляндияны Ресей империясынан бөліп алу туралы ұсыныс жасаған болатын [6. 187 б.]. Сонымен қатар, ағылшын ішкі істер министрі Г.Дж. Палмерстонның Ресейді толық бөліске салу жоспарлары да жоқ емес еді. Сөйтіп, Англия тарапы XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Еуропада үлкен беделге ие болған Ресей империясын осындай қиынға жағдайға ұшыратуды көздеді. Бұл жайлы кеңес және Ресей тарихшылары осылай қорытынды жасайды. Ал, Ресей мен Осман империясының қатынастары тарихын зерттеуші түрік тарихшысы

А.Н.Курааттың айтуына қарағанда, Г.Дж.Палмерстонның Шығыстағы стратегиясын, сол кездегі Стамбулдағы ағылшын елшісі Стретфорд Редклифф жүзеге асыруға тырысқан дей отырып, С.Редклифті Қырым соғысының бастамашысы деп бағалайды [7. 156-158 б.б.] .

Осылайша, Қырым соғысында жеңіске жеткен Англия, Франция мемлекеттері Ресейдің батыстағы территориялары үшін күрес мәселелерін Париж конгресі басталмай тұрып-ақ көтерген болатын [8. 47 б.]. Олармен бірге тіпті соғысқа қатыспаған Австрия тарапы да Ресей территориясынан дәмелі болды. Қырым соғысын қорытындылайтын Париж халықаралық конгресі болмас бұрын, 1856 ж. 20 қаңтарда Венада тараптар арасында конференция өткізіліп, хаттамаға қол қойылады. Бұл хаттамаға сәйкес, соғысқа қатысушы мемлекеттер өздерінің арнайы өкілдерін, Париждегі қорытынды бейбіт келісімге қол қою үшін үш апталық мерзімге жіберуі тиіс болды. Париж конгресіне қатысушы барлық мемлекеттер, өздерінің тәжірибесі мол дипломаттарын жөнелтуге бел байлады. Қатысушы мемлекеттер, әсіресе Ресей үшін, бұл конгрестің маңызы өте зор болды. Еуропалық державалардың қарсы алаңында жалғыз тұрған Ресей үкіметін бұл конгрестің қабылдайтын шешімі қатты алаңдатты. Халықаралық қатынастарда өте қиын жағдайда қалған Ресей әкімшілігі, бұл конгреске өзінің кәсіби дипломаттары мен делегаттарын дайындап, тек жақсы нәтижемен оралуды күтті. Өйткені, XVIII-XIX ғасырларда халықаралық қатынастардағы мәселелерді шешуде арнайы елшілер мен дипломаттардың және резиденттердің ролі өте күшті болды.

1856 жылы Парижде конгресс отырыстары ашылды [9. 59 б.]. Конгресс отырыстары басталарда Ресей үкіметі оңтүстік-батыс аймақтарындағы көптеген территорияларынан айырылатындай болды. Дегенмен, А.Ф. Орлов басқарған орыс делегациясына Бессарабия мәселесі жайлы арнайы нұсқау берілген болатын. Конгресте, Ресей дипломаттары, Австро-Венгрияны Ресейге қойған талаптарынан бас тартуға көндіруге барынша тырысты. Орыс дипломаттары мен делегация өкілдері Австро-Венгрияны өз талаптарынан бас тартады деп қатты үміттенді. Конгресте орын алған пікір-таластар, орыс үкіметі ойлағандай аса қатерлі болмады. Қызу талас-тартыстар тек III Наполеонның талабы бойынша, туындаған Молдова княздігінің шекарасын Валахия княздігімен қосу туралы туындаған мәселелер төңірегінде болды [10. 187 б.]. Алғашқы кездесулер кезінде-ақ, конгресті басқарған француз сыртқы істер министр Ф.А.Валевский мен орыс делегаттарының бірі – барон Ф.И. Бруннов бұл мәселе бойынша тартысқа түсіп, Ресей жағы бұл мәселеде жақсы нәтижеге жете алатынын түсінді. Бұған 1856 ж. 23 ақпан күні А.Ф.Орловтың француз императорымен болған бірінші аудиенцияда мәлім болды. Конгресс барысында А.Ф.Орлов француз императорымен тіл табысуға әрекеттенді және соның негізінде жақсы байланыс орнатты. А.Ф.Орлов өзінің осы кездесу туралы есеп беруінде былай жазады: ол Наполеонға түріктердің Мачин, Тульче, Исакчеде қорғанысқа байланысты қазу жұмыстарын айта отырып, осыған орай Ресейдің Измаил мен Килиядағы қорғанысты нығайтудағы қазба жұмыстары жөніндегі келісімін айтты.

А.Ф.Орлов III Наполеонға Ресейдің талабын жеткізіп, ол бойынша Дунайдағы дельталардың біреуі де аталған державалардың қоластына өтіп кетпеу керек болды [11. 155 б.]. Ресей өкілі француз императорына Карс пен оның айналасындағы біраз территориялардың Осман мемлекетіне қайтарылатынын және мұның есесіне Бессарабия территориясының еуропалықтарға берілмеуі туралы ескерте отырып, оған Ресей басшылығының Бессарабияны Ресей империясының құрамында қалдыру туралы білдірді. III Наполеон Бессарабия туралы А.Ф.Орловқа ешқандай қарсылық көрсетпеді. [12. 215-216 б.б.].

1856 ж. 28 ақпанда конгрестің екінші отырысында Бессарабия мәселесі қайта көтерілді. Бұл тартыс, қарсыластардың саяси ұстанымдарын анықтауға және Австро-Венгрияның Бессарабияны Ресейден тартып алудағы қызығушылығын көрсетті. Бессарабия Ресейдің қарамағында қалып қоймау үшін Англия Австро-Венгрияны қолдады. Молдова княздігіне Бессарабияның толығымен қосылуын оның билеушісі Г.А. Гика да толық қолдады [13. 48 б.]. Австро-Венгрияның және Англияның өкілдері орыс делегациясының Бессарабияны өзіне қалдыру жөніндегі шарттарына қарсы шықты. Бұл тартыс конгрестегі ең даулы мәселелердің бірі болды. Ресей өкілі Ф.И.Бруннов Францияның сыртқы істер жөніндегі министрі Ф.А.Валевскийге бұл пункт бойынша келіссөздердің тоқтау қаупі төніп тұрғанын ескертті. Сол күні-ақ, А.Ф.Орлов мұндай қиын мәселені шешу үшін алдыңғы кездесулері сияқты француз императоры III Наполеоннан тағы да аудиенция сұрады. Бірақ, ол III Наполеонның өз одақтастарымен қатынасын үзгісі келмейтіндігі туралы жауап алды. Ендігі кезекте, А.Ф.Орловтың өзінің императоры II Александрды Бессарабиядан айырылғанына көндіруден басқа ешқандай амалы қалмады. Дегенмен де, Париж конгресінде орыс делегациясы өздері үшін айтарлықтай тиімді шешімдерге қол [14. 201 б.] жеткізді. Бессарабия шекаралары сондай-ақ конгрестің үшінші және төртінші отырыстарының да негізгі мәселесі болды. Соңғы отырыста, Осман империясы мен Ресей шекараларын анықтау жөніндегі комиссия құрамы анықталды. Бұл шешімге сәйкес, комиссия құрамында екі түрік, екі орыс, бір француз және бір ағылшын өкілдері болды, және комиссия өз жұмысын бейбітшілік келісіміне қол қойғаннан кейін сегіз ай ішінде бітіру керек еді.

Бұл мәселеге байланысты А.Ф.Орлов конгрестің алтыншы отырысында III Наполеоннан аудиенция алды. Ол жерде А.Ф.Орлов қайта француз императорынан көмегіне жүгініп, бұл жолы Измаил қаласын Ресейдің қарамағында қалдыруын өтінді. III Наполеон бұл ұсыныстан бас тартты, алайда, Австро-Венгрияның Ресейге қойған талаптарын (жаңа шекараны Хотиннен Салзыкқа дейін орнатуды) қолдамайтынын айтты. Өйткені, еуропалық державалар да бір-бірін аяғынан кері қарай тартып отырған. Бірақ, расында да Австро-Венгрияның мұндай әрекеттері әділетсіз болды және ол француз императоры тарапынан сынға ұшырады. Бұл жағдай А.Ф.Орлов үшін күтпеген жаңалық болып, ол осы күні-ақ, австриялықтардың ультиматумы бойынша Бессарабия жерін беру келісімінен бас тартатынын

және оның жарты территориясын өзіне сақтап қалғаны жөнінде хабардар етіп үлгерді. Бұл Ресей делегациясы үшін айтарлықтай жеңіс болды [15. 98-99 б.].

8 наурызда болған конгрестің алтыншы отырысында орыстар мен австриялықтар үлкен дау тудырды, бұл жағдай австриялықтар мен орыстардың және түріктердің ортақ бір шешімге келіп тоқтауына себеп болды. Осыған орай, Осман империясы мен Ресей арасындағы Шығыстағы және Кавказдағы шекаралар соғысқа дейінгі қалпында сақталатын [16. 53 б.] болды.

Кейінгі түзетулер Ресей үшін маңызды болған кейбір аймақтар туралы болды, бұл кішігірім мәселелер 30 наурыз күні өткен конгрестің жетінші отырысында талқыланды. Бұл Ресей үшін маңызды оқиға болды, және жетінші отырыста бейбіт келісімдер жасалды. Оның соңғы жобасы Ресейге жіберілген кезде А.Ф.Орлов сыртқы істер министрі граф Нессельроде арқылы II Александрдан мақтау қағаздарын алды, онда Дунай княздіктерінің Ренидан Дунайға дейінгі аумақта қамалдармен қорғандардың құрылысы қысқарту жайлы айтылды. Бұл Ресей тарапынан қойылған талап емес тек жай ғана ұсыныс болды. Еуропалық дипломаттарды бұл мәселені шешуде өз айтқанына көндіре білген А.Ф. Орлов, өз императорынан келісімге қол қоюға рұқсат алды. А.Ф.Орловтың жазуы бойынша, Дунай маңындағы территориялар мәселесі жөнінде жасалған келіссөздер сәтті аяқталып нақты шекара белгіленді, «бұл келісім орыстар үшін айтарлықтай сәтті болды, олар өздерінің дипломатиялық әрекеттерінің арқасында қарсыластарының талап еткен және сол кезде өз меншігіндей санаған жердің үштен екі бөлігін өздерінде сақтап қала алды» [17. 42 б.].

Осылайша 1856 ж. 18 (30) наурызда Париж трактатының 20-шы бабы жасалған болатын. Бұл бап Ресейдің оңтүстік-батыс шекарасын анықтады. Бурнас тұзды теңізінен шығысқа қарай бір километр жерде орналасқан Қара теңіздегі сол пункттен, оңтүстікте Болградта Аккерман жолынан Траяноваға дейін, солтүстікке қарай Ялпуг өзенінің бойымен жоғары Сарацикадан Прут өзеніндегі Катамориге дейін жеткен болатын [18. 29 б.]. Әрине шекараны анықтау міндеті арнайы комиссияға жүктелді.

Трактаттың 21-ші бабы бойынша Ресейдің жоғалтқан Молдова княздігінің алқаптары Осман империясының жоғарғы билігіне берілетін болып, оның тұрғындары екі жыл уақыт көлемінде ары-бері еркін қоныс аудару алатын және өз меншіктерін еркін пайдалана алатын болды.

Париж трактатының жаңа шекараны белгілеу жұмыстарында Ресейдің Молдова княздігіне бақылауынан айырылуын осы екі бап бойынша анықтаған. Алайда, бұл бапқа салтанатты түрде қол қойылуы әлі де болса оның іс жүзінде жүзеге асқандығын білдірмеді. Әлі де болса өзгерістер орын алуы мүмкін еді. Бұл өзгерістер Қара теңіздегі Змейный аралының жағдайларымен, Болградтың айналасындағы даулар мен Дунайға [18.108 б.]. қатысты трактаттың шарттарының өзгертілуімен тікелей байланысты болды.

Қырым соғысы кезінде одақтастарының Ресейге қарсы база ретінде пайдаланылған Змейный аралы туралы мәселелер 1856 жылдың маусым айында жандана түсті. Бейбітшілік трактатында ол туралы ештеңе

айтылмағандықтан, Ресей билігі бұл аралды қайтадан өз бақылауына алады және соғыс кезінде ағылшындар мен француздар қиратқан шамшырақтарды қайта қалпына келтіруге кірісті. Бірақ, бір таңқаларлығы, аралға келген орыс кемесі ол жерде түрік қызметкерлерін кездестірді, осыдан бастап бұл жағдай маңызды мәселеге айналды. Ағылшын билігі Ресейге қарсы тұру мақсатында, Қара теңізге өз эскадрасына әкелді және бұл мәселені аз уақыт ішінде түріктердің пайдасына шешу үшін олардың бір кемесін Одессаға жөнелтті. II Александр бұл мәселені шешуде Осман империясымен қақтығыстан алысырақ ұстады және арадан біраз уақыт өте келе бұл мәселені басқа да еуропалық державалардың ұсынысымен 1856 жылы Париж конференциясына қайта қаралуға жіберді. Бұл мәселе бойынша Парижде тағы бір жиын өткізіліп, бұл кездесудің нәтижесі ретінде 1856 жылы 25 желтоқсанда арнайы хаттама қабылданды [20. 336 б.]. Сөйтіп, Парижде өткен келесі кездесуде Дунайдың шекарасы жөнінде тағы бір мәселе шешілді. Ол бойынша бұл жиынға қатысқан державалардың өкілдері, Осман империясына Змейный аралын ғана емес, сонымен қатар Дунайдың бірқатар аймақтарын беруді қорытындылады. Мұнымен қоса, 1829 ж. орыс-түрік соғысының нәтижесінде болып өткен Адрианонополь бейбіт келісімі бойынша Ресейдің құрамына өткен Дунайдың Килийск аралдары мен Георгиевск салалары арасындағы аймақтар да Осман империясының құрамына қайта қосылды.

Париждегі кездесуде Болград мәселесі туралы Париж трактатының шарттарын орындау туралы тағы бір қиын мәселе қарастырылды. Трактаттың 20-ншы бабында Болград Ресейдің құрамында қалатыны жөнінде анық айтылған болатын, алайда көп ұзамай конгресс кезінде пайдаланылған картаға жүгініп, бұл ұсынысты талқыға салды. Шетел тарихында Болград тарихы «орыстарға тән қулықтың» нәтижесі деп және орыстар сол аймақта екі Болградтың болғанын өз пайдасына ұтқаны жайлы жазылады [21. 129 б.]. Дәл сол аймақ картада белгіленген және конгресте талқыға салынған болатын. Дегенмен бұл анық адасушылық. Конгресте негізгі әңгіме Болград жайлы және болгар халқының Бессарабияда қоныстануы жайлы болды. Болград қалашығы Дунайда емес, Ялпуг көлінің жағасында орналасты, және ешбір басқа Болград жайлы әңгіменің болуы мүмкін емес еді. 1856 жылғы Ресейдің жаңадан сайланған сыртқы істер министрі А.М.Горчаковтың император II Александрға арналған алғашқы есеп беруі кезінде жасаған картасында Болградтың орналасуы анық емес еді. Оның нақты еместігі барлық конгресс делегаттарына белгілі еді.

Бірақ ресейліктер жағынан ешқандай қулық әрекеттері байқалмады. Шынында да, А.Ф. Орлов та, Ф.И. Бруннов та және басқа ресейлік делегаттар да оңтүстік Бессарабия жерлерін толық білмейтін еді. Дегенмен де, 1856 жылғы державалар өкілдерінің кездесуінде Болград мәселесі Ресейдің пайдасына шешілген болатын. Мұнда, Франция тарапы Ресейді қолдағаны байқалды. Францияның Ресеймен жақындасуының өзі Париж конгресіндегі министр Ф.А.Валевскийдің түрінен көруге болар еді. Оның Ресейдің арнайы жолдамасында Париж трактатында Болград мәселесіне деген адалдығын жазғанынан байқауға болады [21. 130 б.]. Алайда, француз әкімшілігі Ресейге

жайдан-жай мойын бұрмады. Олар конгресте Ресей дипломаттарының шынайы түрде жан күйдіріп жұмыс істегенін бағалады, екінші жағынан Англия мен Австро-Венгрия делегаттарының Ресейге бейберекет және негізсіз талап қоя беруі француз билігіне аса қатты ұнаған жоқ.

Париж трактатының іске асырылу жұмыстарының қиындығы және онда енгізілген өзгертулер, демаркация комиссиясының жұмысын күрделендіріп оны ұзаққа созып жіберді. Бұл комиссия 1806-1812 ж.ж. және 1828-1829 ж.ж. орыс-түрік соғыстары кезінде құрылған екі құрылымды комиссияларға қарағанда көп құрылымды халықаралық комиссия болды. Оның құрамында Австрия, Ұлыбритания, Пруссия, Ресей, Сардиния, Осман империясы, және Франция өкілдері болды және шекараға байланысты сұрақтарды трактатқа қол қоя салысымен шешуге кірісті. Мамыр айының басында дербес комиссия тағайындалған болатын және әр мемлекеттердің өкілдері Ресейге келе бастады [22. 66 б.].

Бұл мемлекеттердің өкілдері Дунайдың төменгі аймағына дейін бармады, және барлық жұмыстар олардың қатысуынсыз атқарылды. Жұмыс тек 1857 жылдың қаңтар айында ғана шешуші кезеңіне өтті және ең маңыздысы – бұл демаркация комиссиясының 14 хаттамасына осы жылдың 22 ақпанында Австрия, Франция, Ұлыбритания, Ресей және Осман империясы өкілдерімен қол қойылды. Сөйтіп, конгресс шешіміне сәйкес, 1857 жылы 7 наурыз күні Оңтүстік Бессарабияның Молдова княздігіне берілуі аяқталды, және ол бойынша Ресей империясы мен Молдова княздігінің өкілдері Кубей актісіне қол қойды. 1856 жылы 6 наурыз күні орыс әскері Оңтүстік Бессарабиядан кететін болды және олардың орнына Молдова княздігінің милиция бөлімшелері келді [22. 81 б.].

Оңтүстік Бессарабия мәселесінің негізгі мәселелері шешілгенімен, бұл мәселе халықаралық жиналыстардың қатарынан кетпеді және 1857 жылы ресейліктердің алдындағы жылға қарағанда ондай келелі мәселелердің бірі болмады. Ресей әкімшілігінің Оңтүстік Бессарабиядан кеткенінен үш ай өткеннен соң, 1857 ж. 7 маусымда Париж қаласында Ресей, Франция, Австрия, Англия, Пруссия, Сардиния және Осман мемлекеттері арасында Бессарабия шекарасына байланысты трактатқа қол қойылады. Трактат бес баптан құралды, және Ресей мен Осман мемлекеті арасындағы Бессарабиядағы шекара 1857 ж. 30 наурыз күні Кишиневтегі құрылған комиссиямен құралған топографиялық карта арқылы анықталды. Трактат Дунайдың Молдова княздігіне қосылады делінген конгрестің 21-ші бабын өзгертіп оны Осман империясына қосты. Змеиный аралы халықаралық келісімге сәйкес, Дунайға тиесілі болғанымен Осман империясының қарамағында қала берді [22. 83 б.]. Сөйтіп, Осман империясы өз территориясын кеңейтіп, Али паша бастаған осман дипломаттары белсенді дипломатиялық жұмыстар атқарып, Париж конгресінде одақтастарға қарағанда өзіне көптеген тиімді шешімдер қабылдай білді [23. 149 б.]. Өйткені, соғыс қимылдарының көбісі Осман империясының территориясында жүргізілген еді. Ал, Оңтүстік Бессарабия Ресейдің уысынан шығып кетті, ал кейіннен 1859 жылы Молдова және Валаш княздіктері жаңа

құрылған Румынияның құрамына енді. Молдова княздігі территориясының құрамына жалпы ауданы 10 мың шаршы шақырым территория қосылды және халқы 128 мың адамға көбейді [24.110-111 б.б.].

Ойымызды түйіндейтін болсақ, Қырым соғысының нәтижесін қорытындылау мақсатында өткізілген Париж конгресі XIX ғасырда болып өткен ең ірі халықаралық жиындардың бірі болып, оның нәтижесінде Осман империясы мен Ресей арасындағы территориялық мәселелерге байланысты бірқатар шешімдер қабылданды. Конгресс өткізілуі қарсаңында, еуропалық державалардың көрсеткен саяси және территориялық қысымына байланысты қиын жағдайда қалған Ресей үкіметі бұл конгреске үлкен дипломатиялық дайындықпен келген еді. А.Ф. Орлов пен Ф.И. Бруннов басқарған Ресей делегациясы бұл конгресте орын алған дипломатиялық жұмыстар мен саяси тартыстарда асқан белсенділік танытып, Ресейдің бірқатар территорияларын өзінде сақтап қалды. Али паша бастаған түрік елшілері де бұл конгресте белсенді қызмет атқарды және соның нәтижесінде бұрын Ресейге өтіп кеткен бірқатар территорияларды кері қайтарды. Осылайша, Париж конгресінің нәтижесінде, еуропалық державалардың араласуымен Осман империясы мен Ресей арасында бірқатар территориялық мәселелер шешілді. Конгрестің басты қорытындыларының бірі, ол - Ресейдің халықаралық аренадағы беделін төмендетті және Ресей империясының халықаралық саясаттағы «өзімшіл» немесе «астамшыл» әрекеттеріне бірқатар тосқауылдар қойылды. Сонымен қатар, Париж конгресі тек империялар арасындағы территориялық мәселелерді шешіп қоймастан, Еуропадағы халықаралық қатынастардың реттелуіне және әлемдік империялар арасындағы интеграциялық процестердің жүргізілуіне ықпал етті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Andiç, Fuat ve Andiç Süphan: Kırım Savaşı, Ali Paşa ve Paris Antlaşması; İstanbul: ErenYayıncılık, 2002.
2. Тарле Е.В. Крымская война. Т.П. М.-Л., 1950.
3. Виноградов В.Н. Балканская эпопея князя А.М. Горчакова. М., 2005.
4. Пономарев В.Н. Дебют А.М. Горчакова в «большой политике» (Россия на Венской конференции 1855 г.) // Канцлер А.М. Горчаков. 200 лет со дня рождения. М., 1998.
5. Маринин О.В. Дипломатическая деятельность России на завершающем этапе Крымской войны. Парижский мирный конгресс 1856 года. Диссертация канд.ист.наук. М., 1987.
6. Пономарев В.Н. Финал долгой карьеры. К.В. Нессельроде и Парижский мир // Российская дипломатия в портретах. М., 1992. С. 187.
7. A.N.Kurat. Rusya tarihi. Başlangıçtan 1917-ye kadar. Ankara. Türk Tarihi Kurumu. İkinci baskı. 1987.
8. Фадеева И.Л. Османская империя и англо-турецкие отношения в середине XIX в. М, 1982. С. 47.
9. Gourdon E. Histoire du congres de Paris. Paris, 1857.

10. Дебидур А. Дипломатическая история Европы. Т. П. М., 1947. С. 148.
11. Palmer Alan (Çev. Gaspıralı Meral): 1853-1856 Kırım Savaşı ve Modern Avrupa'nın Doğuşu; İstanbul: Sabah Yayınları, 1999.
12. История внешней политики России. Первая половина XIX века. М., 1995.
13. История Бессарабии / От истоков до 1998 года /. Кишинев, 2001
14. История внешней политики России. М. 1995
15. Очерк истории Министерства иностранных дел. 1802-1902. СПб., 1902.
16. Орешкова С.Ф., Ульченко Н.Ю. Россия и Турция (проблемы формирования границ). М., 1999. С. 53.
17. К истории Парижского мира 1856 г.
18. Сборник договоров России с другими государствами. 1856-1917. М., 1952.
19. Baumgart W. The Peace of Paris 1856. Studies in war, Diplomacy and Peace making. 1981.
20. АВПРИ. Ф. Отчеты МИД (1856 г.). Л. 33 об.; Очерк истории министерства иностранных дел.
21. Тэйлор А.Дж.П. Борьба за господство в Европе. 1848-1918. М., 1958.
22. Başbakanlı Osmanlı arşivi. Osmanlı belgelerinde Kırım savaşı (1853-1856). Ankara 2006.
23. Восточный вопрос во внешней политике России. Конец XVIII-начало XX в. М., 1978.
24. Гросул Я.С., Будақ И.Г. Очерки истории народного хозяйства Бессарабии (1861-1905 гг.). Кишинев, 1972.